

"Қазақстан Республикасының сайлау және республикалық референдум туралы заңнамасында көзделген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту және "Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасында көзделген тауарлар мен қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 мамырдағы № 652 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1161 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 17 қарашадағы № 769 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 23 қаңтардағы № 32 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.01.2023 № 32 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының сайлау және республикалық референдум туралы заңнамасында көзделген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту және "Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасында көзделген тауарлар мен қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 мамырдағы № 652 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1161 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 83-84, 603-кұжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының сайлау және республикалық референдум туралы заңнамасында көзделген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесінде:

реттік нөмірлері 7, 8-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

7.	Желілік және серверлік жабдық, компьютерлер, принтерлер, көшірме жасайтын аппараттар, факстар, телефон аппараттары, дыбыс-, бейнеаппаратурасы
8.	Серверлік жабдыққа, компьютерлерге, принтерге, көшірме жасайтын және факсимиле аппараттарына арналған жиынтықтауыш және шығыс материалдары

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 16-1, 16-2, 16-3-жолдармен толықтырылсын:

"

16-1.	Жеке қорғаныш құралдары: маскалар, қорғаныш қалқалары, қолғаптар, бактерияға қарсы әсері бар қолға арналған құралдар (қолға арналған антисептик), обаға қарсы қорғану костюмдері, бірреттік медициналық халаттар
16-2.	Лупалар
16-3.	Дезинфекциялық кілемшелер

";

реттік нөмірі 27-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

27.	Полиграфия және баспа өнімдерін дайындау: сайлау комиссияларының ақпараттық плакаттары; кандидаттардың үгіт материалдары; кандидаттар туралы ақпараттық плакаттар; дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктері; президенттікке және депутаттыққа кандидаттарды қолдаушы сайлаушылардың қолдарын жинауға арналған қол қою парақтарының бланкілері; дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерінің бланкілері; президенттікке, Парламент, мәслихат депутаттығына, әкімдікке кандидаттардың, халықаралық байқаушылардың, президенттікке, Парламент, мәслихаттар депутаттығына, әкімдікке кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарының куәліктері; брошюралар; жадынамалар; кітаптар; күнтізбелер; күнделіктер; планингтер; пакеттер; бейджер; блокноттар; сайлаушыларды сайлауға шақыру қағаздары; бюллетеньді өз бетінше толтыру үшін көру қабілеті бұзылған сайлаушыларға арналған трафареттер
-----	--

";

реттік нөмірі 31-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

31.	Байланыс қызметтері: интернет, кабельді телевизия, телефон, пошта, байланыс орталығының қызметтері (колл-орталық)
-----	---

".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

